





қазіргі қазақ прозасы

ӘНЕС САРАЙ

Атырау



12008/6194

қазіргі қазақ прозасы

Әнес САРАЙ

АТЫРАУ

Роман



Алматы
"Жазушы"
2007

821.572.122-31

ББК 84 Қаз 7-4
С 22

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
017 “Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару”
бағдарламасы*

Сарай Әнес.

С 22 АТЫРАУ: Роман. — Алматы: Жазушы, 2007. — 528 бет.


ISBN 978-601-200-034-4

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, “Тосқауыл”, “Алтын арал”, “Еділ-Жайық” романдарының және көптеген әңгіме, хикаяттардың авторы Әнес Сарайдың бұл романына соғыс жылдарындағы балықшы ауылдың өмірі мен ондағы Абзал, Дауыл, Науат тәрізді қарапайым адамдардың сан тараулы тағдыр-талайы арқау болған.

Романның оқиғасы тартымды, тілі құнарлы, қазіргі қазақ әдебиетінің өрісін кеңейтетін өрелі шығарма.

С 4702250201—096
402(05)—07

ББК 84 Қаз 7-4



ISBN 978-601-200-034-4

© Сарай Ә., 2007

© “Жазушы” баспасы, 2007

БІРІНШІ БӨЛІМ



1

Емге бұлты жоқ, қылаусыз аспан мөлдіреп тұрғанымен, орманды-қопалы бұл өңірде қыркүйектің айсыз түндері көзге түртсе көргісіз қараңғы. Шоқ-шоқ тоғайлар мен тіркес-тіркес қара қопалар түнде тау сілемдеріндей жан-жақты бітеп, аспан жиегін тарылтып, түнеріп-түнеріп тұрады. Оған қоса қыркүйекте жұлдыз сирейді, дымқылы молайған күзгі аспан ауырлап қара барқын тартады, селдір тұман кіреукеле-неді, осының бәрі ұлы теңіздің қылқа тамағындағы оқшау өңірдің айсыз түндерін айрықша қоюландырып жібереді.

Бұл өңірдің биылғы сұмбіле түндері қараңғы ғана емес, бұйығы да. Осыдан бір жұма бұрын бетке шығар қаймағы сүзіліп әскерге алынған, өзеннің қос қапталында етек басы-са тығыз отырған шағын-шағын үш ауыл науқас баққан үйдей жым-жырт. Малды ауылдың айғай-ұйғайы басылмайтын қызыл іңір шағы емес, аяқ қыбыры азайған, ұзақ түннің жылқы жусар талма тұсы тәрізді. Айнала көрдей қараңғы, жапан түздей меңіреу: не ошақ жылтылы, не шам сәулесі жоқ. Әшейінде, қалт еткенге түс-тұстан аттан сала тұра үмтылатын иттер де қазір қорыншақ. Тек шілдеуік шырылы ғана онсыз да еңсесі жабыңқы өңірдің жабайы сұсын молайтып, құлақ тұндырып тұр.

— Е, Алла, ел сәні азамат екен ғой. Мына қараш, бәрінің моладай құлазып қалғанын.

Қайықшы шал ел тірлігіндегі жайсыздықты жаңа аңғарғандай жан-жағына көз салып, үмілей күрсінді.

Жар басындағы ағаш үй-колхоз кеңсесінің терезесінен шам жарқ етті. “Өй, бұлар әлі ұзақ отыратын болды ғой” деді шал күйзеле қолын сілтеп. Әлгінде шам сөнгенде жиналыс біткен екен деп қалып еді, бақса, шамның майы таусылған болды.

Кеңсенің қарсы қабырғасынан “басқарма баланың” зорайған көлеңкесі көрінді. Зор кеудеге мойынсыз біткен тас бұйра, шойындай мықты бас. Бір-біріне үмтылған қайқы иек пен дөң мұрынның арасына қыстырылған папиростың шошаңынан, маңдай шаштың селкілінен жиналыс мінезі алыстан аңғарылып тұр.

Азаматтар әскерге алынғалы жеті-сегіз кеме бас ие табылмай, жар астында қаңтарулы қалған. Қазіргі шаруа — соны теңізге жөнелту қамы. Ілкі жинауға ілікпеген, әскер сапына жарамайтын азын-шоғын азамат теңіз кәсібінде. Елде бары колхоз шаруасынан әлдеқашан қол үзген он шақты көрі-құртаң шал мен қатын-қалаш. Осыларға салмақ салудан басқа лаж жоқ. Кеше кеңсе қызметкерлері тайлы-тұяғына дейін қалмай Қаратас ауылына барып жиналыс өткізді. Басқарманың өзі бас боп жағдайды түсіндіріп, бір-екі ауыл арасы белсенді әйелді сөйлетіп, қазақшылық жөнімен де, орнына қарай заң айтып та, көпшілікті қарындағы майдай біраз шайқап еді, ештеңе өнбеді. Шамданған басшылар тізе батырам деп, мәселені онан бетер ушықтырып алды. Көкірек шері тарқамаған қам көңіл әйелдер, арыстай бір-бір азаматтың кергіген бұлдылары бөтен еркектің зіркіліне езуді сағыздай созып, тәйтіктік көрсетіп шыға келді. Жер-жерден бөрідей шуылдап, артық-ауыс сөз естіген бірер әйел ”байымыз кеткен соң, басынды”, ”қызыл әскер семьясын қорлады” деп дауыс салып, оған тұс-тұстан айтақшылар қосылып, басшыларды әбден састырды. Ақыры жиналған жұрт мәміле таппай, ырду-дырду боп, бет-бетіне тарап кетті. Жай тарамады, ерлерімізді жауға беріп отырып, бұлдануға хақымыз бар деген жуандық аңғартып тарасты.

Жалғыз шамды кеңседегі ұзаққа созылған жиналыс — осы шаруа орайы.

— Обалы обал-ау байғұстарға. Жел-күзды күз де таяп қалды.

Шал тоңазыған жауырынын қозғап, күздің келгеніне айғақ іздегендей аспанға көз салды. Аспанда күз белгісіне саяр шөкім бұлт жоқ, жұлдыздар бір-біріне мінгесіп, шүпірлесіп тұр. Бірақ күз демін арқасымен сезген шал, мамыражай аспанға сенген жоқ. Күздің келіп қалғаны, енді көп еркінсітпей, әуелі қазанның, сонсоң қарашаның жел-күзы басталатыны анық. Неге екені белгісіз, кешелі-бері шырылдаған басқарманың жағдайын түсінгенмен, шалдың ықыласы әйелдер жағында. Олар теңізге шығуға мәжбүр бола ма, әлде сол баяғы бой үйірген тірлік-ошақ басының күйбіңімен қала бере ме — оны осы жиналыс шешпек...

Біреудің жағалауға қарай келе жатқан аяқ тықырын құлағы шалып, Мұсағұл кеңсе жаққа мойын созды. Ол

қараңдаған адамның әлтек-тәлтек жүрісінен жар астында түн бойы өзі сарылып күтіп отырған Абзал орынбасар екенін аңдады.

Көзінің тауық соқырлығы бар Абзал түнде нашар көретін. Бірақ көзі мүкіс адамдардың әдетінше көңілмен, жобамен тарта бермей, қарайғаннан секем алып, айналып өтіп жүргенде жолдан шығып, айдалаға лағып кететін. Ол қазір бір аттап, бір тоқтап, қайықты көру тұрсын, оның қай манда екенін де жобалай алмай, шалдан дыбыс күтіп, жеткірініп келе жатты. Мұсағұл қыбыр етпеді: "Құлап неге өлмейсің, неге шұңқырға омақасып мойның үзілмейді". Абзал кеңсемен екі арадағы ой-шұқырдан ептеп өтіп, су жағасына шығып, жар астын еңкейіп шолған кезде де Мұсағұл дыбыс бермеді.

— Ау, Мүсеке, қайдасың? — деп үн қатуға мәжбүр болды Абзал.

Жауап орнына шал: "соқыр ит" деп күңк етті.

Орынбасар екінші рет шалдың атын атап шақырғанда барып:

— Ау, бері жүр, бері, — деп селқос қана орнынан тұрды.

Көзі кеміс болғанымен, құлағы сақ Абзал кемер астындағы қайықты өзі тауып келді.

— Көп күтіп қалдыңыз ба, Мүсеке?

— Оқасы жоқ, — Шал көнбіс, немқұрай көрінуге тырысқанмен, дауысында реніш нышаны жоқ емес-ті. — Немене, сол баяғы шаруа ма?

— Ә, иә, баяғы... басқа не болушы еді...

Абзал бұрылып, кеңсеге қарады. Терезе жарығы әлі сөнбепті. Орынбасар жиналысты есіне алып, ауыр күрсінді.

Зілі соңында болатын барлық мәжілістер сияқты бұл мәжіліс те сылбыр басталды. Шақырылған адамдар уақытында келмеді. Ақыры, үйтіп-бүйтіп бастары түгенделген соң, басқарма олардың әрқайсысынан өздері тұтқасында отырған шаруаның мән-жайын сұрап біліп, жөн-жоба сілтеледі. Содан кейін барып, жар астында байлаулы тұрған кемелер мен кешегі Қаратас басында өткен жиналыс мәселесіне — аяқ астынан шұғыл шақырылған мәжілістің тоқ етер түйініне ойысты. Жас басқарманың беті қабарып, маңдайы қазтабандалып, түйіліп сала берді. Томпақ бұқа көзінде айбат, даусында зіл пайда болды. Ол мәміле таппай қиынға айналып

бара жатқан мына шаруаны жан-жақты қазбалап, мемлекеттік, саяси мән бере келді де, Қаратас әйелдерінің кешегі бір езу қыңыр қылығына қыр көрсету, ел басына екі талай күн туғанда бақайдан шалу сынды жаман астар жамап: әдейі айтты ма, әлде аңдамай айтты ма, ұйымдасқан қысастық, ұйымдастырушысы да болуы ғажап емес деген ауыз аужай аңғартты. Бұл орынбасарға мылтықтың аузын тура қаратып тұрып атқан оқ еді. Оны жалғаз орынбасар емес, отырғандардың бәрі түсінеді. Жайшылықта ұстамды, біреу келіп соқтықпаса өздігінен біреуге соқтықпайтын, мәжіліс үстінде де сабырынан айнымаған Абзал осы сөздің тұсында аяқ астынан күкірттей быж етіп, орнынан бажа-лақтап атып тұрды.

— Шырағым Мұхамәди, бұл сөзін қай сөз! Қайдағы қысастық? Біреуі екеуін, біреуі үшеуін, енді біреу жалғызы болса, сол жалғызының өзін майданға көзінен тізіп беріп отырған елден тапқаның қандай жаулық? Басқанды айт, мына сөзінді естіртпе, жарқыным! Берекесін алмаса, елді ұйытар сөз емес мұның!

Абзал өз басы үшін шырылдауды ар көріп, нақақ күйіп жатқан елге ара түсе сөйледі. Балапан басқан тауықтай сырты үрпиіп, столда кең жайыла отырған басқарма темекісін күлсалғышқа тұншықтырып жатып, орынбасарға көзінің аласымен қарады.

— Сіз менің ойымды теріс ұқтыңыз. Елге ондай айып тағудан аулақпын. Мұндай әрекет қазіргі шақта солай бағаланатынын ғана ескерттім. Бұл екеуін шатыстырап, сауатсыздық танытпаңыз.

Оңайлықпен бетінен қайтар түрі жоқ, ентіккен Абзал аяқ астынан абдырап қалды: шынында да, басқарманың емеурін танытқаны болмаса, көзге шұқып, басқа соғып, айтпағаны рас. Абзал сөз терсе, жау жоқ жерден жау, дау жоқ жерден дау табатынын түсінді. Төтеннен бүрк еткен ашуын ақылға жендіріп, сары тіс сарабалдығына бақты. Онсыз да арқа сүйер арыстарынан айырылып, ссін жия алмай мәңгірген елді үркіту-қорқытудың іске тигізер пайдасы шамалы, өйтсе елдің елдігінен айырылып, тоз-тозы шығуы ықтималын, оларға қазір азаматтарының қамқорлығынан айырылғанымен, үкімет қамқорлығынан айырылмағандарын ұқтыратын кең пейіл, кемел сөз, іштартқан ықылас керектігін, ал кешегі

— Абзеке, — деді ол орынбасарына жылы ұшырай. — Жасырып жүрген біреулерің болмаса, менің көзіме түскен шалдарың тым кәрі ғой. Жетпістен төмені, сірә, жоқ шығар?

Абзал аузын ашқанша өзгелер орын-орнынан жамырап қоя берді.

— Оның рас, жетпістен төмені жоқ!

— Кәрісі Мүсілім де, жасы Жәпек шығар.

— Осы шалдардың бар ғой бірде-бірінің жасы дұрыс емес. Он алтыншы жылы қара жұмысқа бармау үшін жастарын артық жаздырған. Осы елден қара жұмысқа керең Тілеуіштен бөтен адам барған жоқ емес пе?

— Өз шаруаларына әлі тап-тастай, корлхоз шаруасына... кім біліпті енді.

— Ана мыржық Әбутәлібің кемпір алам деп қутындап жүр емес пе?

— Кәрі дейсіндер. Қастарына бір-бір келіншек қосып берген соң, кісінеудің не екенін сонда көресіндер!

Жұрт дабыры сәл бәсеңдеген кезде, Абзал:

— Қомпайтудың да жөні бар емес пе? Немене, жетпістегіні жігіт етпексіндер ме? — деп кеу-кеулеген жұртты сабасына түсіріп, басқармаға бұрылды. — Бәрі бірдей жарай да, көне де қоймас. Бірақ бес-алты қарияның аузын алармыз.

Ол төрт-бес шалдың атын атады.

Басқарама ауылдағы бөркі қарайған барлық шалдың тізімін алды. Мұхамәди олардың біразын мүлде көрмепті, елдің селбеуімен біразының түсін түстеп, ат-жөндеріне енді қанықты. Ал, шалдардың шын жасын анықтауға келгенде, болжам айтушылар көп болғанмен, нақты жетік табылмады. Бухгалтер Нұрлы да соңғы он шақты жыл бедерінде олардың колхоз есеп-қисабына араласы болмаған соң қарайып қалыпты. Басқарма қолқа салатын шалдардың аты-жөні түсына белгі соғып, бір парақ қағазға үңіліп, біршама отырды да, бүгінгі кеңестің байламды сөзін айту ниетімен орнынан тұрды.

— Жолдастар, мені ауданға шақырып жатыр. Таңертең ертелетіп жүрмекпін. Қонаққа шақырып жатпаған шығар, осы мәселе ғой баяғы. Әлгінде не деп бұлтарам деп сасқаным рас, жасырмаймын. Қазір көңіл біршама жайланды. — Ол отырған жұртты көзімен бір шолып шықты. — Сонымен, пәтуәмыздың аты не болмақ?

Көп жылдар басқарма болған Абзалдың жиналыс өткізу, мәселе шешуіне дағдыланған басқарма мүшелеріне бұл орайдағы әңгіменің иі әбден қанғандай көрінген. Басқарма қайыра ежіктегенде отырғандардың қабақтары шытынай-шытынай қалысты.

— Оның енді не езетіні бар? Шалдарды көндіреміз. Жағалауда бірде-бір кеме байлаулы қалмайды. Сұраса, осылай айт,— деп қызынды отырғандардың біреуі, аузына шайнап салғанды талмай алмаған басқармаға.

Ал, Мұхамәдидің Қаратастағы кешегі жиналыстан жүрегі қатты шайлыққаны рас еді. ”Бірде-бір кеме жағада байлаулы тұрмасын” деген аудан басшыларының талабы орындалуы екіталай көрінген. Ертең ауданға барғанда мұның орынсыз талап, өлсең-өрем қаптың кері екенін дәлдеуге іштей буынып-түйінген-ді. Ал, бұл мәжілісті әлі шабан көшіп, кең жайылып, елге жетекші болу орнына ел жетегінде кетіп жүрген басқарма мүшелерін кейінгіге сабақ болу үшін біраз қуырып алу ниетімен шақырған. Ет қызуымен азуды қаттырақ салып, мөңкітіп те алды. Бірақ айғайдың соңы күтпеген жерден оңға басты. Бір есебі ішінде Мұхамәди қиқуға қосыла кетпей, аяқты тарта басып, біраз аужай аңдып көріп еді, бос желік емес, әңгіме беті шыңға айналған рай танытты. Жақсы ниеттің бетін қайырып тастаудың жөні жоқ-ты, керісінше, үрлей демеп, көп дабыраны шашағы жинақы бір шешімге қарай жетелей берген. Әңгіменің басы ашылған соң да, уәде-байламды пысықтап бекіте түсу үшін, өзі кесіп-пішпей, ел аузына қайта-қайта сөз салып отырғаны да сол себепті.

— Сонымен, бір ғана ұсыныс болды: иелері әскерге алынған сегіз кеме түгелдей теңізге шығады. Солай ғой? Ал, дауысқа саламын.

Ел ойланбастан қолын көтерді. Мұхамәди іле-шала:

— Таңертең ауданға жүремін. Басшыларға басқарама шешімін жеткіземін,— деді, осы шешім аяқ астынан бұзыла ма деп қорыққандай тездетіп. — Ал енді ұсынысты орынбасар жолдастың өзі жасап еді, осы шаруаны сол кісінің өзіне жүктесек қалай болады?

Ұзақ жиналыстан қалжыраған жұрт сөз аяғы көрінген соң басқарма ыңғайына құлай-құлай кетті.

— Е, дұрыс!

— Олардың тілін бір тапса, Абзекен табады.

— Колхозды бірге құрысқан кадрларыңыз ғой. Солай емес пе, Абзеке?

— Колхозға қара сиыры мен қатынын жетектеп әкелетін өлгі қайсысы еді?

Ел соңғы байламды өре түрегеліп тарқап бара жатып айтты. Жиналыс тәртібін қатаң сақтап, әлсін-әлі бет-бетіне жамыраған елді қайырып-үйіріп отырған басқарма бұл жолы жұртқа тоқтау салған жоқ. Тарқап бара жатып ат жалы, атан қомында айтылған сөз-соңғы патуә, мәжіліс шешіміне айналды.

Абзал аңдаусызда тағы бір абыройсыз шаруаға басын сұққанын кейін ұқты. Тағы да жиналыс, тағы да айғай-сүрен, жылау-сықтау. Бұл үкіметтің де, колхоз басшыларының да, өзінің де шығарған әуресі емес, зауалды шақтың салмағы екенін біреу ұқса, біреу ұқпайды. Ұғатынынан ұқпайтыны көп. Ал, осы түптеп келгенде бөліп-жаратыны жоқ, колхоз басқармасының бәріне ортақ шаруа. Мұхамәди болса, бар жауапкершілікті мұның мойынына іле салып, өзі құр аттай арқасы босап, сытылып шыға келеді. Әрі соның бәрін епті істегені сонша, мұның тіпті ауыз ашып, жағдай айтуға шамасы келмеді.

Басқарма мен орынбасар арасындағы іштен тынған қырғи қабақ басараздық күн санап ашымалдай ісініп, күмпийіп келе жатты.

Жыл басында аудан басшылары жаңарды, "Қызыл балықшы" колхозымен бірге жасасқан Абзал орынбасарлыққа ысырылып, облыс орталығынан келген Мұхамәди басқарма болды. Бірақ колхозшылар жиналысында әлі сайлана қойған жоқ, әскерге алынып жатқан азаматтардың бұл тосын өзгерістің байыбына баруға мұршалары келмейді. Ал, ел ішінде қалған жұрт жастайынан көз үйренген "ауыл баласын" қораштауға қимады, атасы белгісіз "келімсекке" тоң-торыс мінез танытты.

Абзалдың әргі-бергіні көрген, оқыған, облыс көлемінде ірілі-ұсақты жұмыстарда болған, баласындай жас жігітпен бақ таластырар ниеті жоқ-ты. Тіпті, аудан басшыларына да етқызу реніші тарқай бастаған. Байқай көрсе, қиын заман келеді екен. Сол баяғы көне шиыр, ескі аяңмен аяқ жолдан жаңылмай қалт-құлт етіп келе жатқан өзінің енді ел ұстауға

шама-шарқы, ой-өрісі жетпейтінін іштей мойындап, жаңа басшыға хал-қадірінше жәрдемші болуға бекінген

Ал, Мұхамәди болса, бірден-ақ бұдан іргені аулақ салды. Іс-сөзіне, ақыл-кеңесіне күмәнді көзбен қарады. Со-сын кеудеден итерген адамға Абзал да жарамаса бермеді. Өз жанынан шығарып ештеңе айтпайтын, сілтеген жолдан шықпайтын баспақшыл мінез тапты. Сонда да жаққан жоқ. Мұхамәди жоқты-барды сылтау етіп, жанжалға тіленумен болды. Онысы қажетсіз әңгімені өрбітіп барып, бұдан біржола құтылу амалы екенін іші сезген Абзал дауға баспады. Жалы күдірейген Мұхамәди ілік таба алмай дымы құрыды. Басшылық аты басшылық, жүре келе сан-сапалақ шаруа салмағы жігітті иықтан басты. Ол кейбір істің жөн-ретін білмеді, кейбіріне жігер-қайраты жетпеді. Бірақ сонда да Абзалдан жөн сұраған жоқ. Ал, тіпті, айла-амалы құрып, тығырыққа тірелген кезде өз қолынан келмегенді орынбасар мойнына іле салатынды шығарды. Енді сонысы әдетке айналған сыңайы бар.

Қазір де, жаны қысылғанда, оны жауапкершілік қазығына байлап кетті. Абзалдың қытығына тигені басқарманың мұны түсінісіп жұмсау орнына құлығын асырып, айла-шарғымен аяқ-қолын матап алатыны да, ал өзінің сол құлыққа аңқау баладай қайта-қайта алдана беретіні еді.

Мұсағұл баяу ғана ескек шалып отыр. Жеңіл қайық тептегіс өзен бетін сызып келеді. Қалаққа ілінген су шылпылы мен ескек шикылынан басқа бөгде дыбыс жоқ. Тып-тыныш, шыңыраудай терең қараңғы түн. Ағысы салбыр, мінезі кең арна баяу шіреніп жылжып жатыр. Қара барқын аспан су астына алып қазандай аударылып түскен. Бір жанып, бір сөнген жұлдыздар сол қазанның бетіндегі майлы көбіктей жылт-жылт етеді.

Сырттай сәлемі түзу болғанмен, осы елде Абзалға болсын демейтін екеу болса біреуі, біреу болса — соның нақ өзі Мұсағұл шал. Жүрегінде қан қатқан кешегі бір күндері оның жанын жаһаннамға жібермек боп, қараға бет бұрған кездері де болды. Төрінен көрі жақын қартайған шағында іркіттей бұзылып, мән-мағынасынан айрылған тірлігінің бар құныкері мынау отырған Абзал. Бәлем, алдыңа бір келтіремін деп, жұдырығын іштен түйіп, өліптің артын бағып жүргені де өтірік емес.



— Ләпбай?

Қария су бетін шимайлаған ескегін көтерді. Түн тастай қараңғы болғанымен, айдынның әжімсіз тұнықтығы сонша, су бетіне құс қанатындай қалқиып ескек көлеңкесі түсті.

— Өздеріңе қолқа салмақпыз, Мүсеке! Шелектегі су қанша сапырсаң да көбеймейді ғой. Олай төңкердік, былай төңкердік, ақыры өздеріңе тоқтадық.

— Кәрі қойдың жасындай ғұмырлары қалғанда оларды мазаламаса да болар еді. Бірақ басқа лаж жоқ. Өзіңіз де қайрат көрсетпесеңіз болмайды-ау, Мүсеке?!

Ілгері жақтан өзен жиегіне қазықтаулы кемелер қарауытты. Қараңғыда әрқайсысы жеке-жеке аралдай зорайып көрінеді. Ауыл ішінің қақ-соқ кәдесіне ғана жарайтын жеңіл қайық олардың арасына енгенде жақпар-жақпар құзарт шатқалға қамалып қалғандай болды. Кенеріне қол жетпес, маңдайы аспанға шаншылған әйдік кемелер көне қорғандардай құлазып тұр. Күнсіген тақтайларынан қарамай иісі шыға бастапты. Олардың арасын кесіп өткенде Абзал да, Мұсағұл да зират аралаған адамдай баяу күрсінді.

— Ә-ә-ә, иә-ә... — Мұсағұл да даусын соза немқұрайды мақұлдап, ықылассыз басын шұлғыды.

☆☆☆ 12 ☆☆☆

көзіне шоқтай басылады. Бірақ алыстан ғана көзбен сүйсініп өткені болмаса, кесірлі жердей маңына жуымай айналып өтеді. Оның өмірінің шиыр-шырғалаңы, көңілінің мұң-шері, бір кездегі азын-аулақ қуанышы — бәр-бәрі осы кемемен қабат өріліп жатыр. Оны елмен алакөз, досымен қас еткен де сол. Абзал сөзінен кеме бөліс болатынын аңғарған шал көңілінде ”Енді ол кімнің тақымында қор болар екен. Теңізге шығуға келісім берсем, өзіме қияр ма, жоқ па?” деген ой жылт етті. Бірақ сыртына сыр шығармады. Ол басқа-басқа, ал осы қазір қарсы алдында отырған Абзалға ішін алдырғанша тіл тартпай мүрдем кетуге бақыл-ды.

Ширыққан шал қайықты жағалауға екпіндесте қайырлатты.

Мұсағұл мен Абзал қара жолмен төбе ығында тығыз отырған ауылға қарай аяңдады. Оқта-текте шолақ-шолақ тіл қатысқанадары болмаса, бір-біріне ықылас-пейілі шамалы. Қайықшы шал ұзын денесі ырғалаңдап, аяғын сүйреп басып келеді. Соңында Абзал. Аяқ астын шала болжағанмен, Мұсағұлды ес тұтып, ізінен екі елі қалмады. Мұсағұл үйі ауылдың бір басында да, Абзал үйі ауылдың қалың ортасында еді. Қара шиыр суат жолы ауылға таяғанда тарқатылған арқандай үй-үйге тарап кететін. Әдетте, орынбасар жолайрықта қалып қоятын да, Мұсағұл әрі асатын. Емпеңдеген орынбасар бұл жолы жолайрықты байқамай өте шықты. Ал, бақас шал көріп тұрып айтпады. Бірақ артынша суқаны сүймейтін жексұрын адамымен қатар жүрудің өзі тіленіп алған азап еді. Одан тезірек құтылып, оңаша қалғанды артық көрді.

— Осы бұрылыстан өтіп кетпедік пе екен? — Жолайрық енді ғана есіне түскендей Мұсағұл бүкшендеп, аяқ астын шолды.

— Жоқ, Мүсеке, сізбен бірге жүремін. Ақкемпірдікінде шаруам бар, — деп жөн айтты Абзал.

Ел сыртынан Ақкемпір атайтын, ал көзінше үлкен-кішісі түгел Ақәже, Ақкенелеп тұратын қайрым-мейірімі мол, азуқажыры да жеткілікті сыйлы кемпір Мұсағұлға баяғыдан қазан-ошағы аралас сыбай көрші. Шал жеті түнде Абзалдың ол үйге баруының сырын да жазбай таныды. Әуелі сол кемпірдің бетін бері қаратып, кеше сөз ұқпай кеткен тәйтіктерді соның құрығымен жуасытпақ.

Ауыл іргесіндегі қалың қурайға таянғанда алдарынан шәуілдеп шыққан екі-үш ит бұларды таныды да, шөп арасын тіміскілеп, бет-беттеріне кетті.

— Біздің кемпірдің шайы дайын шығар. Үйге кірейік, — деді Мұсағұл, іші одан тезірек құтылуды тілеп тұрса да, әдептен аттамай.

— Рақмет, Мүсеке. Мына Ақкемпірге кіріп шығайын. Баяғы сол шаруа ғой. Өзіңіздің де есіңізде болсын.

Шал ләм-мим тіл қатқан жоқ, сөзіне жауап күтпеген Абзал да кідірмей көрші үйге беттеді.

2

Абзалға сыртқы есікті Ақкемпірдің өзі ашты. Әскерге алынған балаларының ау-жарақтары үйіліп жатқан дәлізден Абзал кемпірдің селбеуімен ештеңеге соқтықпай шаққа өтті.

— Адам өлетін түрі бар ғой мына жықпылдан. Әлде қол жетіспей жатыр ма? — деп әзілдеген болды орынбасар.

— Қатын көп болса, отын шоқтың кері де. Бір-біріне сеніп, түгелер.

Абзал үйге кіргенде, осы үйдің үлкен келіні Баршын пеш түбінде ұлын тізесіне жатқызып, жеті жасар қызымен арпалысып іс тігіп, ортаншысы — Қоңырша жаңа ғана жиылған дастарқанның ыдыс-аяғын жуып отырған. Екеуі де ұша тұрып сәлем етті. Төргі үйде төсек салып жүген кенже келін Науат ортадағы жарма есіктен басын сұқты:

— Сәлем бердік, аға!

— Аман ба, қалқам. Өте бер.

Босағадағы орындыққа отырып етігін шешкелі жатқан Абзал аяғын жиып алды. Науат бір бүйірлеп ас үй жаққа жылыстай бергенде, енесінің ызбарлы оқты көзіне килікті. Жас келін еркінсимін деп жансақ басқанын аңғарды — ернін болар-болмас қимылдатып тізе бүгіп сәлем етуі, үлкен адамның алдында көлендемей именіп тұруы керек-ті. Ол кешірім сұрағандай енесіне мүләйімсі қарап еді, көздері шатынаған кемпір қонақтың аяғын нұсқады.

— Жоқ, қалқам, өзім шешем, — деп орынбасар етегіне еңкейген келіншекке ыңғай бермеді.

Науат кезекті бұйрық күтіп, енесінің қас-қабағына жалтақтап еді, еріні бүрсііп, бет-аузы қуырылған кемпір оны

көзіне ілген жоқ. Қипақтаған жас келіннің ас үй жаққа жылысудан басқа амалы қалмады.

Абзал төрге шығып, асықпай жайғасқан соң барып аман-саулық сұрады. Күнде болмағанмен, күнара жолығысып жүрген адамдардың бұл орайдағы әңгімелері ұзаққа барған жоқ. Амандық сұрау дағды ғана. Әңгіме майдан төңірегіне, азаматтар жайына ауысқан кезде үлкен келін де ісін сүйретіп төргі бөлмеге келді. Онымен бірге биыл ғана мектеп есігін ашқан жеті жасар Маржан ілесе келген, кемпір жаратпай тыржындағанмен, шаң-шұңға бармады. Үлкен келін шайпау ененің қас-қабағын байқамаған болып, пеш түбіне жайғасып, әңгімеге құлақ түрді. Маржан әжесінің сұсты назарынан қаймыққанмен, кетуге құлқы болмай, отыруға да бата алмай, саусағын сорып, сәкі шетінде жалтақтап тұр еді, Абзал:

— Келші бері, қалқам,— деп қолын созды.

Қыз әжесіне бір қарап алып, Абзал жанына жүрексіне тізе бүкті.

— Қалай, оқу жақсы ма?

Маржан саусағын аузынан шығарып, ықластана басын изеді. Көзі әжесінде, қонақ жанының баянды боларына әлі сенімі шамалы.

— И-и, түге, осы оқып кімнің басына құран шығарар дейсің! Әйтеуір, киім тоздыру. — Кемпір бетін тыржитып қонақтың қолтығына кіріп кеткен немересіне зілдене қарады. — Осыдан таңертең мияулап тұрмай көр, шашыңды жұлайын.

— Ертең демалыс қой, әже!

— Жә, жабыспай бері отыр.— Кемпір иегімен пеш түбін нұсқады да, ісімен болғансып отырған келініне көз тікенін қадады. — Жаман үйретіп. Елмен сөйлесеріңді, не бұлармен жағаласарыңды білмейсің, түге!

— Қайтесіз, ене, отыра берсін. Тірі жетім болып жүрген жоқ па? Бетіне қарасаң еңірегенде етегі толады,— деп Баршын қызына әлсіз ғана ара түсті.

Кемпір келініне осқырынып қана тынды.

Осы кемпір мінезінің Абзалға ұнайтыны да бар, ұнамайтыны да жеткілікті. Ұнамайтыны — бетің-жүзің демейтін шайпаулығы, ал ұнайтыны — елге, ағайын-ажын, ауылдастарына өзін де, сөзін де өткізе алатындығы. Әйел қауымына тірелетін шаруа, түптеп келгенде, осы кемпірдің ауыз

аужайымен шешіледі. Абзалдың жиналыстан кейін ешқайда бас бұрмай, бұл үйге төтелеп келуінің де сыры сонда. Бірақ, ол қазір ішкі ойын орайлы сәтке қалдырып, басқа әңгімеге айналып отыр.

Әңгіме әдеттегідей майдан жайы. Бейбіт, тыныш уақыттағы бағасы құнды ескі аңыз, көне хикая, шариғат шиырлары, шежірелер, шешен-көсемдердің дүниеауи ғибрат-өсиеттері бұл күндері баяғы мәнінен айырылғандай. Үлкеннің де, кішінің де ауыз ашып құлақ түретіні майдан хабары.

Абзал әдетінше баяу сөйлеп отыр. Сырт қимылында: қолдарын уқалауында, шалғысыз шолақ мұртын сипауында, бұйығыңқы еңкіш отырысында, сөз мақамында моллаға тән тақуалық бар. Тамақтың дәмдісін теріп жегендей, сөзін де теріп сөйлейді.

— Абзал аға, бұл Ерманға тоқтау болар ма, әлде осымен күш бермей кетекені ме?— деді Баршын.

— Біздің азаматтар әлі жете алмай жатқан жоқ па! — Ақкемпір келінінің Абзал сөзін бөлгенін бір жағынан жақтырмай, екіншіден оғаш сауал қонағын қинап тастай ма деп қыпылдап, майдандағы сәтсіздікті өзінше жуып-шайған болды.

— Иә, біздің азаматтар қаладан кеше-бүгін ғана аттанған шығар,— деп Абзал кемпір сөзін қоштаған сыңай танытты. — Келіп жатқан қаладан салған хаттары ғой.

— Біздің балалардан да келеді. Аман-саулық айтатындары... Үшеуміз біргеміз дейді.

Шай келген соң дастарқан басына осы үйдің үлкен-кішісі, ас үй жақта ұйықтап жатқан бес жасар Әуестен басқасы түгел жиналды. Бұл үйге бірде шаруамен, бірде жай келіп-кетіп жүретін Абзал үш келіннің үш түрлі мінез адамы екенін, Ақкемпірдің де оларға үш түрлі рай-қабағы барын байқайды. Кемпір біраздан бері осы шаңырақтың ыстық-суығын бірге көріп, қазан -ошағын бірге ұстасқан үлкен келінін өзгелерінен гөрі бір табан өзіне жақын тартатын сияқты. Ал сүт кенженің қосағы, түбінде Сәмст әулетінің ошағына ие болып қалатын Науатқа біршама еркіндік берген түрі бар ма, қалай? Кенже келіннің ажары өзге келіндерге қарағанда ақжарқын, жүріс-тұрысы да еркін, тіпті енесіне аздап еркелейтін де тәрізді. Ал, ортаншы келін Қоңыршаның қашанда назары пәс, еңсесі төмен. Бұл бойға сіңісті мінез ұшығы ғана емес, ене көңілінің салқындығының алыс жаңғырығы сияқты.

Абзал болжамы шындықтан құр болмағанымен, Ақкемпір ондай райды сөзі тұрсын, қас-қабағымен де сыртына шығарған емес. Ол алалап-бөлелмей, қатал болса үшеуіне бірдей қатал, мейрімді болса үшеуіне бірдей мейрімді болуға тырысады. Келіндерінің жігі ашылса, балаларының да арасы суиды деп ұлдарының ешқайсысына енші бермей, мінездері ошақтың үш бұтындай алшақ-алшақ келіндерін қамырдай илеп, бір-біріне зорлап жабыстырып отыр. Кейде кемпірге бір дастарқан басынан ораза ашқан осынау үлкен әулеттің ынтымағы құрсаулы кесенің кебіне ұқсайды. Әйтседе, кемпір ол кесенің өз көзі тірісінде шағылып түскенін көрмек емес.

Ас үй жақта жалғыз қалған Әуестің қыңқылы құлаққа іліккенде кемпір елең етті. Төмен отырған кенже келін айтқызбай-ақ лып етіп орнынан тұрды. Артынша пештің арғы жағынан ерке баланың жеңгесіне көнбей бұлғақтағаны, Науаттың алдарқатып жұбатқан даусы естілді.

— Құлдық, мен мұндамын. Келе ғой,— деп дыбыс берді кемпір.

Науат қолын батырыңқырап, ыңғайына көнбеген қайнысын ұмар-жұмар көтеріп алды да, тыпырлатып әкеліп енесінің қолына берді. Ерке бала оңды-солды ұрғылап-тепкілеп дастарқан басының әлек-шәлегін шығарды. Әжесінің де, шешесінің де жұбатқанын құлағына ілмейді.

— Осындай дырдай жігіт те жылай ма екен! — деп Абзал да араселбеу жасады.

Бала бөтен дауысты естіп, тарс жұмулы көзін ашып алды. Өзіне көзілдірігі үстінен сұқтана қараған ”тауық көз атаны” танып, пышық кесті тыйылып, әжесінің тасасына сүңгіп кетті.

— Өй, Әуес деген өзі ақылды бала екен ғой!

Абзал құтты дастарқанда, сыйлы қонақтар алдында ұшырасатын көзі сирек қымбат кәмпіттің бір-екеуін баланың алдына тастады. Тәттіні қағазынан таныған Әуестің көзі жанып сала берді. Бірақ ұмтылған жоқ. Тіпті, әжесі қолынан тартып, дастарқан шетіне шақырғанда да, табандап тасадан шықпады.

Бұрын-сонды оның мұндай мінезін көрмеген кемпір ауырып отыр ма деп, басын ұстап көрді.

Әуес ауырып та, әдеп сақтап та отырған жоқ-ты. Әлгінде ақшам мен екіндінің арасында ойнап жүріп Абзал үйінің терезесін сындырып, соңына түскен Әдемінің қуғынынан

Әнес Сарай ☆ ☆ ☆ ☆ ☆

шаққа құтылған-ды. Енді үй иесі қылмыс ізімен індетіп келіп отыр екен деп зәре-күты қалмаған.

Аяқ астынан молла бола қалған бала ұмытылып, үзілген әңгіме қайта жалғанды.

— Ғалым оқып жатыр ма? Оқу баласын қозғамайтын шығар? — деп Ақкемпір Абзалдың қалада оқитын баласының мән-жайын сұрады.

— Әзірше тыныш. Кім білген... — Абзал Ақкемпір сауалына тосылыққырап барып ықылассыз жауап қатты. — Бұл зауалдан тыс қалатын басы жұмыр пенде бар деймісің, жеңеше!

— "От ішінде мақтаны сақтайды" деген. Қайда жүрсе де аман болғай да. — Ақкемпір күрсініп үнсіз қалды. Артынша іші біліп отырса да, сыр тартпақ болып Абзалға екі ұштылау көз киығын тастады. — Беті қатты болғалы тұр ма? Қалай өзі, қайным?

— Оңай жау емес, жеңеше.

— Әлгі он алтыншы жылы да бүлік салған осы емін түспегір емес пе?

— Айтатыны жоқ. Екі-үш жылдан бері көршілерімен болып жатқан, енді бізге ауыз салды.

— Құдай тыныштығын алған ел болды ғой, түге! Әлгі түсіністік, жиырма жылға пәтуа таптық деп жүргендері қайда?

— Беттесіп, жүздесіп алып, артынша айнып шықты емес пе?

— О, жауыз-ай, тұрысатын жерін айтпай, тұтқиылдан тиіскен тұрлаусыз болды ғой... Ентелеп еніп алып, еңсертпей кетпесе неғылсын?!

— Еңсереміз, жеңеше. Сталин жолдастың өзі айтты ғой, еңсереміз, жеңіс біздікі болады деп.

— Еңкейген шал, еңбектеген баламыз қалғанша соғысамыз депті. Рас па екен сонысы? — деп қыстырылды Баршын.

Абзал соғыстың қиямет-қайым қасіретті болатынын әр жерде құлағы шалып жүргенмен, бас қолбасшы аузынан шыққан мұндай кесімді естіген емес-ті. Бұл, шынында, өз-өзінен кесім-пішімге айналған ел ниетінің ұшқыны еді. Абзал олай емес деп айта алмады. Үнсіз ғана құптап, басын изеді. Әйелдер жүректерін ұстап, күйзеле күрсіністі. Үй ішін томырық үнсіздік басты. Әлгіден бері қазықтай шан-

шылған кемпірдің де екі иығы шөжіп, қарқарадай жаулығы салбырап, бүк түсіп отырып қалды.

Ақкемпір бүгін қалыбынан өзгешелеу көрінді. Біресе болмашы нәрсеге қирап бүлінеді, біресе етіне зар өткендей уайым-қайғы айтады. Соңғы бірер жұма бедерінде ұшырасқаны бүгін еді: үш ұлын майданға қатар аттандырған кемпір едәуір шөгіп қалыпты.

Абзал ат басын тіреп арнайы келген шаруасын қазақшылық жоралғысымен кебіс киер сәтке қалдырған. Оның ел орынға отырған уақытта жайдан-жай келмегенін, қолқасы барын үй ішіндегілер де сезді. Сөзін әріден бастаған Абзал ойының өзегін енді ширата бастағанда, Ақкемпір оның көкейін айтқызбай-ақ таныды.

— Иә, бұл әңгіменің шет-жағасын естігем. Кеше жиналыс өткізіпсіндер. Басымның сақинасы ұстап бара алмадым. Естігем. — Ақкемпір басы бұлғақтап қалғып отырған Маржанды тізесіне жатқызды. Ал кемпірдің қалқасынан шықпаған Әуестің мұрны шуылдағалы да біраз болған. — Естігем. Бұл ауылдың қатындары шеттерінен би емес пе! Сөзді қайдан ұқсын. Кердеңдейтін баяғы заман дей ме екен, диуана өңкей!

— Бізден де болды: қатты кетіп үркітіп алдық па, қалай?

— Құдай-өй, бетіме тік қарама дейтін кімнің шікіресі бұлар соншама. Қарай гөр, қан кешкен байларынан жандарының тәттілігін. — Кемпір жиналысқа қатысып, со бір жайсыз әңгіменің шет-жағасын жеткізген келініне одырая қарады. — Садаға кетіндер байларыңның басқан ізінен. — Қолын сілтелеп бастырмалата сөйлеген кемпір бір сәт етек-жеңін жиып жұдырықтай түйіліп отырды да, күтпеген жерден шұғыл кесімін айтты. — Кіші келіннің жұмысы бар ғой, ал мына екеуіне рұқсат. Балдырыңа саласың ба, батпағыңа саласың ба — сүйегі менікі, еті сенікі.

Абзалдың түнделетіп жүргендегі көздегені осы сөз еді. Бірақ келіндер тарапынан дау шыға ма деп қыпылдап отырған. Баршын сөйлеуге оқтала бергенде:

— Келін шырағым, — деп қажетсіз әңгіменің алдын алмақ болып еді, бірақ Баршын айтарын айтып тынды.

— Әйел байғұстың ашуы алда, ақылы кейінде жүретін әдеті еме пе? ”Қатын ашуы — қазан қайнатарлық” деген де. Тулап кімді жығар дейсіз. Түсінер, көнер. Тек, теңіз көргендері аз ғой бейшаралардың.

Баршын сөзіне Абзал құлдық ұрып басын шұлғыды да қалды. Сосын теңіз кәсібінің әйел затына ауыр екенін, тіпті қолқа салуға дәті бармайтынын, бірақ басқа лажы жоғын айтып, өз жайынан да хабар берді. Абзал, Ақкемпір, Баршын үшеулеп бұрын-сонды теңіз көрген әйелдердің есебін алып еді, екі қолдың саусағын бүгуге шаққа жетті.

— Әйел ит жанды, үйреніп кетеді, — деді Ақкемпір.

Әңгіме осымен етек-жеңін жиғандай болып еді, көкейінде тағы бір بازیнасы бардай Абзал орнынан қозғалмады. Ақыры, ол қолқасын да айтып тынды. Онысы Баршынға ер-азмат жетпей тұрған бір кемеге көршік бол деген қолқа еді. Көзі үкідей болған Баршын қолындағы ісін қалай жиғанын өзі де сезбей қалды. Абзал оған дау айтуға мұрса бермей, алдын орады.

— Баршын қалқам, қиын екенін білем. Қыстамаймын, — деді. — Бірақ өзгелерге қарағанда теңіз жайын білесің. Төлегеннің қасында көп жүрдің. Енді сол кеме жағалауда бас ие табылмай, қаңтарылып қалмасын дегенім еді.

Баршын қолқа ұшы өз күйеуі Төлегенге, Төлегеннің кемесіне кеп тірелгенде қапелімде жауап таба алмай абдырады. Қазірдің өзінде балалар сыртқа шықса-ақ болды "көкемнің кемесі" деп бір-біріне нұсқап жатқаны, тіпті оған кәдімгідей сыртынан көз болып жүреді, ал өзі суатқа бара қалса, аршын төс қара кеме көзіне шоқтай басылады. Сүйегі ірі, пішімі мол сол кемесімен ерінің сыртқы тұрпатында бір ұқсастық бар сияқты. Оны көргенде, неге екені белгісіз, ері көз алдына келеді. Баршын өзге кемелер желкендерін көтеріп, бұйра толқын көк теңізге аттанып жатқанда, ерінің кемесі жар астында күнге қаңсып жападан-жалғыз жетімсіреп тұруы-өзіне де, осы үйдің үлкен-кішісіне де қарадай қайғы боларын ұқты. Ол екі ойлы болып, енесіне көз тастады.

Ақкемпір назары төмен құлап, сұрланып отыр. Ол Абзалдың есеппен ең талма жерден тиіскенін сезді. Егер, кешегі аумалы-төкпелі заманда жақсысына да, жаманына да ортақ болған інісіндей Төлегеннің кемесі жар астында тұрмасын десе, шалдардың біреуіне аманаттамай ма?! Сөйтсе оның қолын кім қағады. Бірақ кемпір өкпе айтқан жоқ. Басына қысылшаң іс түскенде кемпір ұлдарына салмақ салу — Абзалдың қашаннан әдеті еді, бүгін де сол дағдысымен ат басын әдейі тіреп келіп отырғаны бесенеден белгілі.

— Ақылдасып, ойласып көрелік, шырағым,— деді Ақкемпір.

Абзал ертең елдің басын құрап тағы да кеңеспек ниеті барын айтып орнынан тұрды.

3

Абзал таңертең елең-алаңнан қоймашы "Айналайын Қарамды" жүгіртіп, шалдарды төбе басына маслихатқа жинады. Осы ауылдың қабырғасы қаланғаннан бері төбенің ұшпа жиегіндегі тақиядай тақыр үлкендердің ел қамына байланысты кеңесетін орны. Ол тақырды "майдан" деп атап, мал бастырмай, бала ойнатпай, киелеп ұстайды. Он жылдай басқарма болса да, бабасының қара шаңырақ, құтты ошағын қаңыратпай, кеңсе ыңғайына бағып, судың арғы бетіне көшпеген Абзал басқа екі ауылға қарағанда тұрғыны көп Қаратас шаруасын сол баяғы бабалары құсап майдан басында отырып шешетін. Күн көзі теңіз жақтағы мұнартқан қалың орманнан қылтиып көрінген кезде Абзал төбеге шықты. Тым ертелеу қамданған екен. Ел жаңа ғана оянып, әйелдер күресіндегі сиырларды енді-енді сауынға тұрғызып жатыр. Ол айнала төңіректі жағалай шолды: ағыны баяу, арнасы мол, сыздап аққан өзеннің қос қапталындағы төбе сағалаған "Қызыл балықшының" үш ауылы үш омарта сияқты. Көз сүрінген өзгенің бәрі — теңіздей мұнартқан қалың орман, шоқ-шоқ ну тоғай, жалғас-жалғас қара қопалар. Солардың ара-арасындағы алаңқай-ашықтар, қойнау-қолтық колхоздың шабындығының шөбі тақырланып, шабылған қырқалар сыздауық орнындай дөңгеленіп-дөңгеленіп жатыр. Тұс-тұстан қызыл нардай қаңқиған маялардың сауыры сағымданады. Абзал көзі шабындықты жағалай келіп төбенің бір пұшпағындағы үріккен ешкідей құлақтары тікірейген көп зиратқа тірелді. Қорым арасынан төбесі күмбезделген төрт құлақты моланы бірден тапты. Күні кеше ғана шеттегі бейіт қазір қорымның ортасында қалыпты. Абзал зиратқа қарап тұрып өткенде орнынан түсерде өзіне тағылған айып-кінәні есіне алды: шынында да, мынау қорым іргедегі ауылға қарағанда әлдеқайда сәулетті. Қызыл кірпіштен өрнектеліп өрілгені де, Маңғыстаудың ақ тасынан қашалған ақ шатырдай әсемдері де, аспан тәріздес жа-

сыл сыры нұр шашақан күмбезділері де бар. Күміспен күптелген айшықтары күнге шағылысып, қасқайып-қасқайып тұр. Ал шикі қыш пен қамыстан соғылған ауыл үйлері мұның қасында жертөле дерсің. Абзал осылай істендер деп айтқан емес, бабадан-бабаға көшіп келе жатқан ел үрдісі: өлі аруақ ыразылығы үшін ағайын-ажын ішіп-жемеуге бақыл. Өлгенді құрметтеудің: қадірі өткен ағайын-тума, жарты құртты жарып жеген үзеңгі жолдастың басында көзге ілігердей елеулі бір белгінің болғаны адамгершіліктің қай заңына томпақ екені Абзалдың миына жетпей-ақ қойды. Оның ауыл шетіндегі дөп-дөңгелек мешітке көзі түсті. Күмбезі саңғыраған әдемі мешіт еді, кешегі күні соның бәрін бұл өз қолымен қиратты. Ал, кейін шаһарларға барғанда көрді: мұсылман мешіттерінің де, орыс шіркеулерінің де міні құрамапты. Ел қажеті, замана ыңғайына бейімделіп біреулері музей, екіншілері пионер сарайларына айналып, кәдеге асыпты. Ал бұлар болса — әп-әдемі дүниені жүнін жұлған тауықтай қылды. Абзал сол ісінің жөн-терісін әлі дұрыстап ұққан жоқ.

Осындай әрі-сәрі ойдың қамауында тұрғанда "майданға" "Айналайын Қарағым" да келді.

— Тегіс құлақтандырдым, Абзеке! Мұсағұлдан басқасы келер.

— Ол шал неге қисаяды?

— Қайдам, барам-бармаймын айтпады.

"Майданға" шалдар жиналғанша екеуі: шаруа жайын, қысқы мал қамын, малшылардың қора-қопсыларын жөндеу жайын ақылдасты. "Айналайын Қарағым" қоймашы есебінде жүргенмен, түптеп келгенде, колхоздың бітіп болмайтын сан-сапалақ шаруасы: ауылдағы құрылыс, шөп шабу, машина жөндеу, ұстаханаға көмір тасу, елге шөп үлестіру — бәр-бәрі соның мойнында.

Шалдар көп күттірген жоқ. Ауылдың түс-тұсынан таяқтарына сүйеніп төбе басына өрмелесп шығып, үлкендік-кішілік рәсімін бұзбай, ақ тақырға дөңгелене жайғасты. Майдан ортасында тас ошақ, ошақта күл бар. Шалдар кешкі мәжіліске жиналғанда баяғы көшпенділік салтты сақтап от жақтыратын, ал оның күн еңкейе құмырсқадай құжынайтын маса-шыбыннан септігі де аз емес-ті. Күлдің күлгім тартқан өңі көптен бері қариялардың майдан төбеде бастары қосылмағанын аңғартып тұр.

